

«Alikhan Bokeikhan University» Білім беру мекемесі		
СМЖ құжаты 3 деңгей	№1 Редакция 25.03.2022 ж	П.14.02/2022
Ереже		

**«ALIKHAN BOKEIKHAN UNIVERSITY» ББМ
«КҮМІС УНИВЕРСИТЕТ» ЖОБАСЫ ТУРАЛЫ
ЕРЕЖЕ**

Семей, 2022

Предисловие

РАЗРАБОТАНО

Составитель:

Зам.директора ИПК и ДО Еркинова С.Е.

Институт повышения квалификации и дополнительного образования

Директор  Молдажанов М.Б.
от «25» марта 2022 года**РЕКОМЕНДОВАНО**

Ученым советом университета

Протокол №7 от «25» марта 2022 года

УТВЕРЖДЕНОРектор  Курманбаева Ш.А.

Мазмұны

1	Қолдану саласы	4
2	Нормативтік сілтемелер	4
3	Жалпы ережелер	4
4	«Күміс университеті» жобасының мақсаттары мен міндеттері	5
5	Қызмет көрсету тәртібі	5
6	«Күміс университеті» жобасы жұмысын ұйымдастыру	5
	Қосымша 1. Өтініш үлгісі	7
	Қосымша 2. «Күміс университеті» жобасының тыңдаушыларының келуін есепке алу журналы	8
	Қосымша 3. «Күміс университеті» жобасының күнтізбелік-тақырыптық сабақ жоспары	9

1. Қолдану саласы

«Alikhan Bokeikhan University» ББМ (бұдан әрі – «ABU» ББМ) күміс университеті туралы ереже (бұдан әрі- ереже) біліктілікті арттыру және қосымша оқыту институты базасында егде жастағы адамдар үшін курстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібін айқындау мақсатында әзірленді.

Ереже егде жастағы адамдарға арналған курстарды ұйымдастыруға және өткізуге қатысатын «ABU» ББМ барлық бөлімшелеріне арналған.

2. Нормативтік сілтемелер

- Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» №319- III Заңы (03.05.2022 ж. өзгерістер мен толықтырулармен)

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 Білімді ұлт сапалы білім беру ұлттық жобасын бекіту туралы Қаулысы.

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 8 шілдедегі №471 «Өмір бойы оқыту (үздіксіз білім беру) тұжырымдамасын» бекіту туралы Қаулысы.

3. Жалпы ережелер

«Күміс университет» немесе үшінші буын университеті - бұл халықаралық қозғалыс, оның міндеті- жас адамдарға білім беру және ынталандыру, егде жастағы және/немесе зейнеткерлік жастағы адамдардың ішкі мүмкіндіктері мен қажеттіліктерін оларды жандандыру және өзін-өзі жүзеге асыру мақсатында ашуға көмектесу.

«Күміс университет» Ректордың бұйрығымен құрылады. «Күміс университет» қызметінің үйлестірушісі Біліктілікті арттыру және қосымша білім беру институты (бұдан әрі- БАЖҚБИ) болып табылады.

«Күміс университет» өз жұмысын басқа ұйымдармен (бұдан әрі - серіктестер) тығыз ынтымақтастықта жүзеге асырады. Серіктес кез-келген меншік нысанындағы кез-келген ұйым немесе «Күміс университет» қызметін жүзеге асыру үшін әдістемелік көмек көрсетуге, сондай-ақ басқа да материалдық және материалдық емес ресурстарды ұсынуға мүдделі жеке тұлға бола алады.

«Күміс университет» жобасы қызметін бақылауды «ABU» ББМ ректоры жүзеге асырады.

4. «Күміс университет» жобасы мақсаттары мен міндеттері

Университеттің мақсаты - кәсіби және белсенді ұзақ өмір сүру үшін жағдайлар мен мүмкіндіктер жасау, қарт және/немесе зейнеткерлік жастағы адамдардың өмір сүру сапасы мен әлеуметтік белсенділігін арттыру.

Университеттің міндеттері

- физикалық және рухани денсаулықты нығайту;
- зияткерлік және шығармашылық ұзақ өмір сүруді ұзарту мақсатында білім мен дағдыларды алу және толықтыру;
- өмір сапасын арттыруға ықпал ететін Дағдылар мен іскерліктерді меңгеру цифрлық, қаржылық және оң сауаттылық негіздері);
- білімі мен тәжірибесін жас ұрпаққа жеткізу, өзін-өзі таныту.

5. Қызмет көрсету тәртібі

«Күміс университет» жобасы қарт және/немесе зейнеткерлік жастағы адамдар (бұдан әрі - тыңдаушылар) тиісті білімді, іскерлікті және дағдыларды меңгеру үшін жолдаманың атауы көрсетілген жеке жазбаша өтініш негізінде қабылданады (1-қосымша).

«Күміс университет» жобасының тыңдаушысы қарт немесе зейнеткерлік жастағы кез келген азамат бола алады.

«Күміс университет» жобасына оқуға қабылдау БАЖҚБИ директорының бұйрығымен жүзеге асырылады.

Тыңдаушы оқу үшін бірнеше курстарға қатыса алады. Тыңдаушылардың курстарға қатысуы «Күміс университет» жобасы тыңдаушылардың сабаққа қатысуын есепке алу журналында тіркеледі (2-қосымша).

«Күміс университет» жобасының тыңдаушысы өз еркімен немесе денсаулық жағдайы бойынша оқудан шығуға құқылы.

«Күміс университет» жобасының оқу қызметтері тегін ұсынылады.

«Күміс университет» жобасы жұмысына біліктілікті арттыру және қосымша білім беру институтының мамандары тартылған. «Күміс университет» жобасы жұмысына «ABU» ББМ оқытушылары, мамандары, сондай – ақ келісім бойынша серіктес ұйымдар (мекемелер) тартылады.

Біліктілікті арттыру және қосымша білім беру институты директоры «Күміс университет» жобасының қызметі туралы есеп және есеп беру құжаттамасын жүргізеді.

6. «Күміс университеті» жобасы жұмысын ұйымдастыру

«Күміс университет» жобасы өз қызметін «ABU» ББМ білім беру бағдарламаларының бағыттары бойынша жүзеге асырады.

Сабақтарды өткізу орны – «ABU» ББМ оқу ғимараттары, сондай-ақ университет серіктестерінің базаларында.

Сабақтар аптасына 2 рет кестеге сәйкес жүргізіледі. Бір сабақтың ұзақтығы 1-2 академиялық сағатты құрайды. Бір оқу курсының ұзақтығы 3 айды құрайды.

Сабақ кестесін тыңдаушылардың тілектеріне сәйкес БАЖҚБИ мамандары жасайды және осы институттың директоры бекітеді.

Сабақтың тақырыптық жоспарын курс оқытушысы нысан бойынша жасайды (3-қосымша) және БАЖҚБИ директоры бекітеді. Жоспар оқу жылы ішінде тыңдаушылардың тілектеріне, сондай-ақ университеттің қолда бар ресурстарына сәйкес түзетілуі мүмкін.

Тыңдаушылар тобы 10 адамнан аспайды.

Сабақтарды өткізу түрлері: қашықтықтан оқыту технологиялары арқылы жүзеге асырылатын дәрістер, семинарлар, экскурсиялар, тренингтер, практикумдар, сондай-ақ байланыс емес сағаттар.

«Күміс университет» жобасының оқу жылы - 1 қыркүйектен 1 маусымға дейінгі аралықта.

«Күміс Университет» жобасының жұмыс сапасын жақсарту мақсатында тыңдаушылар оқу кезеңінде оқытушылар жүргізетін сауалнамаларға және т.б. қатысады.

«Күміс университет» жобасын сәтті аяқтағаннан кейін тыңдаушыға тиісті бағыт бойынша оқығаны туралы сертификат беріледі.

«Күміс университет» жобасы қызметі «ABU» ББМ ректорының бұйрығымен тоқтатылуы мүмкін.

Қосымша 1**Өтініш үлгісі**

«Alikhan Bokeikhan University» ректоры
саяси ғылымдарының докторы,
профессор Ш. А.Құрманбаеваға

азамат (ша) _____
(ТАӘ)

ИИН _____, мекен-жайы бойынша тұратын _____

Байланыс телефоны _____

ӨТІНІШ

Мені _____ білім беру бағдарламасы
(курстар) бойынша «Күміс университет» жобасына тыңдаушы ретінде қабылдауыңызды
сұраймын.

Оқу тілі: _____

Өзім туралы мынадай мәліметтерді хабарлаймын:

Жынысы _____ Ұлты _____ Азаматтығы _____

Туған күні және туған жері

e-mail: _____ WhatsApp: _____

«__» _____ 2022 ж.

_____ (қолы)

Қосымша 3

БЕКІТЕМІН
Біліктілікті арттыру және қосымша білім беру
институтының директоры
_____ Молдажанов М.Б.
«__» _____ 2022ж

«Күміс университет» жобасының күнтізбелік-тақырыптық сабақ жоспары

Курстың атауы _____

№	Тақырыптар атауы	Сағат саны		
		барлығы	лекция	практикалық
1				
2				
3				
4				
5				
6				
7				
8				
9				
10				

Курс оқытушысы _____